

**Қазақстан Республикасында ғылыми-педагогикалық және ғылыми кадрларды даярлау туралы ережені бекіту жөнінде**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 19 қаңтардағы N 65. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 665 қаулысымен

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" және "Жоғары білім

туралы" Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында ғылыми-педагогикалық және ғылыми кадрларды даярлау туралы ереже бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Білім министрлігі мен Министрлер Кабинеті жанындағы Жоғары аттестациялық комиссия 3 ай мерзім ішінде аспирантура туралы, докторантура туралы, аспирантура мен докторантурадан тыс кандидаттық және докторлық диссертациялар дайындау туралы ережелерді әзірлеп, бекітсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 19 қаңтардағы  
N 65 қаулысымен  
Бекітілген

Қазақстан Республикасында ғылыми-педагогикалық  
және ғылыми кадрларды даярлау туралы  
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Осы ереже ведомстволық бағыныштылығына, меншік түріне қарамастан Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында, ғылыми зерттеу мекемелері мен басқа да ұйымдарында ғылыми-педагогикалық және ғылыми кадрларды даярлауды ұйымдастыру тәртібін айқындайды және қоғамның жоғары

білікті мамандарға әлеуметтік-экономикалық сұранысын қанағаттандыруға  
б а ғ ы т т а л ғ а н .

2. Қажетті ғылыми-техникалық және қаржы-материалдық базасы бар Қазақстан Республикасының оқу және ғылыми мекемелері жоғары білікті ғылыми-педагогикалық және ғылыми кадрлар даярлай алады.

3. Ғылыми-педагогикалық және ғылыми кадрлар даярлау саласында ұйымдастыру әдістемелік басшылықты Білім министрлігі, Министрлер Кабинетінің жанындағы Жоғары аттестациялық комиссиясы (Қазақстан Республикасының ЖАК-ы) Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технология министрлігімен және Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясымен бірлесіп, жүзеге асырады.

4. Жоғары білікті ғылыми-педагогикалық және ғылыми кадрларды аттестациялауға жетекшілік ету және ғылыми дәрежелер мен атақтарға үміткерлерге қойылатын талаптардың бірлігін қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Жоғары аттестациялық комиссияның құзыры болып табылады.

5. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сатысының мынадай түрлері белгіленеді:

- аспирантура;
- докторантура;
- ізденушілік;
- ғылыми қызметкер лауазымына ауыстыру;
- диссертация жұмысын бітіру үшін шығармашылық демалыс.

## II. Ғылыми-педагогикалық және ғылыми кадрлар даярлау құрылымы мен ұйымдастыру тәртібі

6. Жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу мекемелері мен оқу-ғылым мекемелердің басқа да үлгілерінің жанындағы аспирантура республикада ғылыми-педагогикалық және ғылыми кадрларды жоспарлы даярлаудың негізгі түрі болып табылады, ол өзінің алдында ғылыми-педагогикалық және ғылыми кадрлардың теориялық және арнайы дайындығын тереңдетуді мақсат етіп қояды.

Аспиранттарды даярлау ғылыми қызметкерлер мамандықтарының номенклатурасына сәйкес ғылым мен мамандық салалары бойынша жүзеге а с ы р ы л а д ы .

7. Докторантура республикадағы бірыңғай үздіксіз білім беру жүйесінің

жоғары сатысы ретінде беделді жоғары ғылыми мектебі мен озық зерттеу базасы бар жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелердің жанынан ұйымдастырылады.

Докторантураға өндірістен қол үзіп оқуға өзі таңдап алған салада ғылыми жетістіктері бар, жоғары ғылыми деңгейде зерттеулер жүргізуге және өндірістік, шаруашылық, әлеуметтік-мәдени маңызы бар ғылыми мәселелерді шешуге қабілетті ғылым кандидаттары қабылданады.

8. Аспирантура мен докторантурадан тыс кандидаттық және докторлық диссертациялар дайындау:

кандидаттық емтихан тапсыру, кандидаттық диссертация дайындау үшін жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдарда бекітілуі қарастырылған ізденушілік;

көкейкесті қолданбалы немесе теориялық мәселелер бойынша ғылыми зерттеу жұмысында маңызды нәтижелері бар, диссертациялық жұмыс жоспарын жоғары оқу орындарының ғылыми кеңестері мақұлдаған жоғары оқу орындарында жұмыс істейтін ғылым кандидаттарын ғылыми қызметкерлікке ауыстыру;

кандидаттық және докторлық диссертация дайындау үшін шығармашылық демалыс беру арқылы іске асырылады.

9. Аспирантура мен докторантураны ашу мен жабуды, сондай-ақ олардың қызметіне бақылау жасауды бағынысына қарай тиісті министрліктердің, ведомстволар мен ғылым академияларының Қазақстан Республикасының Білім министрлігімен, Ғылым және жаңа технологиялар министрлігімен және Қазақстан Республикасының ЖАК-пен келісуі бойынша жоғары оқу орындары ғылыми-зерттеу мекемелері мен ұйымдары жүргізеді.

10. Ғылым салалары мен мамандықтары бойынша докторантура мен аспирантураға қабылдаудың жылдық және перспективалық жоспарларының жобаларын докторантурасы, аспирантурасы бар жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу институттары мен ұйымдар әзірлеп, бағынысына қарай тиісті министрліктері мен ведомстволары Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технология министрлігімен, ЖАК-пен келісуі бойынша бекітіп, сөйтіп Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне ұсынады.

11. Докторантура, аспирантура туралы, докторантура мен аспирантурадан тыс кандидаттық және докторлық диссертация дайындау туралы ережелерді Қазақстан Республикасы Ғылым және жаңа технология министрлігінің, Ұлттық ғылым академиясының және ЖАК-тың келісуі бойынша Білім министрлігі әзірлеп, бекітеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК